

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ КАПИТАЛЫН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жасұланқызы Ж.

*студент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zhanka-0103@mail.ru*

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., доцент Бұлақбай Ж.М.
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Қазіргі уақытта Қазақстанда ұйымдық құрылымдардың жаңа түрлерін және бизнестің жаңа формаларын қалыптастыру процесі жүріп жатыр. Сыртқы ортаның динамикасы мен белгісіздігі компанияларды факторларға тез және уақытылы жауап беруге мәжбүр етеді. Кәсіпорындар мен олардың капиталдарын біріктіру нысандары әрдайым прогрессивті және мәселелерсіз бола бермейді. Олардың көпшілігі меншік құқығын қайта бөлуге, басқару функцияларын бөлуге қатысты әртүрлі субъектілердің мүдделерінің өзгеруіндегі процестермен байланысты.

Кілт сөздер: белгісіздік, тұрақсыздық, шешім, тәуекел, өзін-өзі ұйымдастыру, экономикалық жүйе.

Зерттеу әдістері. Экономикалық индукция, экономикалық интерпретация, қаржылық талдау, қаржылық бақылау.

Зерттеудің мақсаты. Кәсіпорынның капитал көздерін қалыптастыру және оны тиімді басқарудың ерекшеліктерін талдау, экономикалық белгісіздік жағдайындағы кәсіпорындардың капиталын тиімді басқару мәселелерін қарастыру.

Кіріспе. Экономикалық белгісіздік жағдайында капиталды басқарудың жеткілікті тиімділігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін ұлғайту – бұл капиталды басқарудың тиімділігі және меншік иелерінің мүдделері үшін таза пайданы бөлу туралы негізделген шешім қабылдауды білдіреді. Мұндай жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін меншікті капиталды жеткілікті мөлшерде және оңтайлы құрылыммен қамтамасыз ету ерекше маңызды. Экономикалық белгісіздік жағдайында банк несиелері, ақшалай қаржыландыру, лизинг қарыз капиталын тартудың негізгі тәсілі болып қала береді. Көп жағдайда қарыз капиталының көзі шетелдік және қазақстандық банктердің салыстырмалы түрде үлкен қаржылық ресурсына байланысты банктік несие болып табылады. Бірінші кезеңде қалыптасқан ұйымның меншікті капиталы өндірістік процесті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, оның нәтижелері бойынша пайда табу мүмкіндігі бар. Рұқсат етілген деңгейде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтау кезінде пайданың өсуі тәуекел ұйымның қаржылық тұрақтылығын және оны одан әрі дамыту қабілетін қамтамасыз етуге, сонымен қатар, бұл капиталды қалыптастыру мен қаржыландырудың қосымша көздерін табуға және оны пайдаланудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нәтижелері. Экономикалық дағдарыс пен белгісіздік жағдайында капиталды басқаруды зерттеу кәсіпорынның капиталы оның қаржылық жағдайына тікелей әсер ететін негізгі фактор болып табылады, яғни оның төлем қабілеттілігі және өтімділігі, қызметінің тиімділігі де осы капиталды басқарумен тікелей байланысты. Капитал құрылымын талдау кәсіпорын иелері мен инвесторлары үшін өте маңызды, өйткені кәсіпорынның қаржылық басқару саясатын өзгертетін тартылған және меншікті қаражат арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар бар. Осыған байланысты ұйымның капиталын тарту мен тиімді пайдалануды басқару кәсіпорынның қаржылық менеджментінің маңызды

қызметтерінің бірі болып табылады, ол экономикалық қызметтің жоғары түпкі нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталады.

Қорытынды Экономикадағы әрекет етуші кәсіпорынның құрылу нысанына байланысты меншікті және қарыз капиталын тарту мен оны басқару біршама өзгешеліктерге ие. Мәселен осыған байланысты меншікті және қарыз капиталын қалыптастырудың корпоративтік стратегиясы ұйым капиталының құрылымын оңтайландырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Аталмыш стратегияның негізі өзінің қаржы ресурстарын қалыптасыруды басқаруда. Бұл үрдісті тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін ұйым, әдетте арнайы қаржы саясатын жасайды, ол болашақ кезеңдерде оның даму қажеттіліктеріне сай барлық көздерден өз қаржы ресурстарын тартуға бағыттауы керек. Кәсіпорынның меншікті және қарыз капиталын қалыптастырудың бірқатар негізгі ішкі корпоративтік және макроэкономикалық факторларын: экономиканың циклдік дамуын, мемлекеттік макроэкономикалық саясатты, ұлттық қаржы нарығының даму дәрежесін, банк секторының тұрақтылығы мен тиімділігін, сондай – ақ компанияның даму кезеңін, бизнесті әртараптандыру дәрежесін, кәсіпорынның өтімділік деңгейін, активтердің ағымдағы кірістілігін және компанияның қаржы стратегиясының ерекшелігін бөліп көрсетеді. Бұл үрдісті анықтаушы фактор ретінде экономиканың циклдік дамуын айтады, оның ауытқуы меншікті және қарыз капиталының оңтайлы көлемін өзгерте алады, тартылған капиталдың орташа өлшенген құны төмендетеді немесе арттырады.

Негізгі мәтін. Кәсіпорында меншікті және қарыз капиталын басқарудың тиімді стратегиясын қамтамасыз ету мақсатында капиталдарды басқарудың арнайы қаржылық саясаты әзірленеді, ол жалпы кәсіпорынның ажырағысыз қаржылық стратегиясы болып табылады. Бұл саясат оның өндірістік қызметін өзін-өзі қаржыландыруын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған. Кәсіпорынның қаржылық стратегиясы, тактикасы мен саясаты кәсіпорынның даму үрдісінде үнемі қайта қаралуы керек.

Яғни кәсіпорынның меншікті капиталын басқарудың әдістері 1-кестеде сипатталған.

Кез келген шаруашылықтың негізін меншікті капитал құрғанымен, экономиканың бірқатар салаларындағы кәсіпорындарда пайдаланылған қарыз қаражатының мөлшері меншікті капиталдың көлемінен айтарлықтай асып түседі. Осыған байланысты қарыз қаражатын тарту мен тиімді пайдалануды басқару кәсіпорынның шаруашылық қызметінің жоғары түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық менеджменттің маңызды функцияларының бірі болып табылады.

Коммерциялық құрылымдар үшін қарыз капиталы шаруашылық қызметті қаржыландырудың қосымша құралы ретінде өте маңызды рөл атқарады. Бірақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін әрбір кәсіпкер бұл қаражатты несие берушілерге толық көлемде ғана емес, келісім-шартта белгіленген келісім-шарт бойынша пайызбен қайтаруға міндетті.

Қарыз қаражатын тартудың ұтымдылығы туралы шешім қабылдау кезінде кәсіпкерлер үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайының ағымдағы жағдайы, бухгалтерлік баланстың пассивінде көрсетілетін қаржылық ресурстардың құрлымын бағалау маңызды. Бірақ несиені пайдаланудың жоғары үлесі мен жоғары пайызы жаңа қарыз қаражатын тартуды негізсіз етуі мүмкін [1].

Кесте 1 – Меншікті капиталды басқарудың әдістері

Таза табысты қалыптасыру үрдісін басқару әдісі				
Кәсіпорындағы салықты жоспарлау және салық жүктемесін басқару әдістері	Кәсіпорын қызметіндегі кірістері мен шығындарының теңгерімділігіне қол жеткізу әдістері	Кәсіпорындағы өзге де қызметтерге байланысты шығындарды төмендету	Коммерциялық және басқару шығындарын ұтымды азайту әдістері	Қызметтің басқа түрлері бойынша қосымша кірістерді жұмылдыру әдістері

Таза табысты бөлу үрдісін басқару әдісі				
Таза табыстың тұтынылатын және капиталдандыратын бөліктері арасындағы пропорцияларды оңтайландыруға бағытталған дивидендтік саясатты әзірлеу әдістері		Капиталды кемітетін шығындарды азайту әдісі – белгілі кезеңдегі бөлінбеген кіріс	Меншікті капиталды ұлғайту үшін, таза пайданы уақытылы қайта инвестициялауды әдісі	
Іскерлік тәуекел деңгейін азайту әдісі				
Өндірістік ресурстарды пайдалануды қарқындету әдісі	Ауыспалы және тұрақты шығындар түріндегі операциялық шығындар құрылымын оңтайландыру әдісі	Бизнес жоспарлау және бюджеттеу әдісі	Сатып алу сұранысын ынталандыру әдісі	Кірістілік деңгейі бойынша айналым активтерінің құрлымын оңтайландыру әдісі
Қаржылық тәуекелдер деңгейін азайту әдісі				
Операциялық және қаржылық циклдерді төмендету әдісі	Қарыз капиталының пайыздық құнын төмендету әдісі	Өтімділік деңгейі және капитал салу тәуекелі бойынша айналым активтерінің құрылымын оңтайландыру әдісі	Меншік титулы бойынша капитал құрлымын оңтайландыру әдісі	
Ескерту – [2] дереккөз негізінде құрастырылған				

Сонымен қатар, шаруашылық активтерінің жалпы көлемінде қарыз қаражатының жеткілікті үлесі бар кәсіпорынның капиталды басқару мүмкіндігінің төмен дәрежесі болады. Өнімге сұраныстың төмендеуі, шикізат пен материалдық құнының өсуі, өнім бағасының төмендеуі, сұраныстың маусымдық ауытқу және т.б. кәсіпорынның төлем қабілеттілігі, табыстың төмендеуі және рентабельділіктің төмендеуі, яғни кәсіпорынның қаржылық жағдайының нашарлауы.

Тарту мақсаттары бойынша қарыз капиталы келесідей қажеттіліктер үшін тартылуы ықтимал:

- негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің ұдайы өндірісі;
- айналым активтерін толықтыру;
- әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Сонымен қатар, тарту нысаны бойынша қарыз қаражаттарды ақшалай, тауарлы және құрал –жабдық түрінде тартады. Кез-келген ұйым өзінің қызметін одан әрі дамыту және жұмыс істеуі үшін ол көбінесе капитал көздерінің бірнеше нұсқаларының бірін таңдауға тап болады, олар меншікті немесе қарыз капиталын.

Кәсіпорынның қарыз капиталын басқарудың негізгі міндеттері төмендегі міндеттерді шешуге бағытталған (кесте 2).

Қаржы ресурстары көздерінің құрылымы оларды пайдалану тиімділігін бағалауда үлкен маңызға ие. Меншікті капиталды пайдаланатын ұйым ең жоғарғы қаржылық тұрақтылыққа ие, бірақ оның даму жылдамдығын шектейді және инвестицияланған капиталға кірісті арттырудың қаржылық мүмкіндіктерін пайдаланбайды. Кез келген ұйым өзінің қаражатының рентабельділігін арттыру үшін, кейде қажет болса, тек меншікті ғана емес, сонымен қатар қарыз қаражаттарын да пайдалана алады. Қарыз қаражатын дұрыс және мұқият пайдалану компанияға қысқа және ұзақ уақыт аралығында өз қызметін оңтайландыруға және кірісті арттыруға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Кәсіпорынның қарыз капиталын тиімді басқаруды іске асыру әдістері

Міндеттері	Іске асыру әдістері
Кәсіпорынның экономикалық дамуы үшін	Кәсіпорындағы қажетті активтерді қаржыландыру үшін қарыз капиталына жалпы қажеттілікті анықтау

қажетті қарқынын қамтамасыз ететін қарыз капиталын жеткілікті көлемде қалыптастыру	Қарыз капиталы есебінен активтерді қаржыландыру сызбасын қалыптастыру
	Қарыз капиталын тарту жөніндегі іс-шаралар жүйесін әзірлеу
Қызмет түрлері мен пайдалану бағыты бойынша қарыз капиталын бөлуді оңтайландыру	Ағымдағы активтерді меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етуді ескере отырып, кәсіпорынның ағымдағы қаржылық қажеттіліктерін қаржыландыру әдістері.
Қаржылық тәуекелдің көзделген деңгейі кезінде қарыз капиталының ең жоғарғы кірістілігіне қол жеткізу шарттарын қамтамасыз ету Қарастырылған табыстылық деңгейін ескере отырып, капиталды пайдаланумен байланысты қаржылық тәуекелдерді барынша төмендетуді қамтамасыз ету	Қарыз капиталын тарту шығындарын азайту. Инвестициялық капитал кірістілігінің арақатынасы және қарыз капиталын тарту шығындарын бақылау. Тартылған қарыз капиталын диверсификациялау. Қарыз капиталын тарту көздерінің құрылымын оңтайландыру. Меншікті және тартылған капиталдың оңтайлы үйлестіре отырып, инвестициялық жобаларды қаржыландыру. Жекелеген қаржылық тәуекелдерді алдын алу, оларды ішкі және сыртқы сақтандырудың тиімді нысандарын қолдану.
Кәсіпорынның даму үрдісінде оның тұрақты қаржылық тепе-теңдігін қамтамасыз ету	Қарыз капиталын тарту кезеңдері бойынша құрамын ұтымды (рационализация) ету. Қарыз капиталын ұлғайту мүмкіндігі мен орындылығын есептеу (қаржылық тетіктің әсерін есептеу), ұйымның баланс құрылымының өзгерісін, қаржылық тәуелсіздігінің жеткіліктілік деңгейін сақтау.
Кәсіпорынның жеткілікті деңгейдегі қаржылық икемділігін қамтамасыз ету	Қаржылық тәуекелінің деңгейін төмендету.
	Кредиторларымен уақытылы есеп айрысу
Ескерту – [3] дереккөз негізінде құрастырылған	

Әдебиет:

1. Нұрымов А.А., Бұлақбай Ж.М. Қаржы менеджменті: Оқулық. – Алматы: Эверо, 2016. 333 б.
2. Шеремет А.Д., Козельцева Е.А. Финансовый анализ: Учебно – методическое пособие. – М.: Экономический факультет МГУ имени М.В. Ломоносова, 2020. – 468 б.
3. Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент: теория и практика. – Москва: Перспектива, 2010. – 656 б.

УДК 336.1

ПОТЕРЯННЫЕ МИЛЛИАРДЫ – ЭКОНОМИКА БЕЛАРУСИ ПОД САНКЦИЯМИ

Желиба Б.Н.

*профессор, Белорусский государственный экономический университет,
г. Минск, Республика Беларусь
E-mail: boriszheliba@gmail.com*

Аннотация. Анализируется влияние санкций Запада на белорусскую экономику. Показываются потери, которые несут предприятия в Беларуси, вследствие наложенных санкций. В первую очередь – это потери в валютной выручке, которые понесли такие ведущие